

«Сарыжар ЖОББМ» КММ

3 «Б» сыныбының 2023-2024 оку жылдың бойынша жасалған тәрбие жұмыстарының есебі

Сынып жетекшінің әдістемелік тақырыбы: Оқушыларды тәрбие бағыттарын қолдана отырып, адамгершілікке, мәдениеттілікке, білімге, құштарлыққа, белсенділікке тәрбиелу.

3-сыныптағы тәрбие жұмысының мақсаты: тәрбиенің жаңа әдістерін қолдану арқылы өзін-өзі тани алатын, өзін-өзі басқара алатын, интеллектуалды дамыған, адамгершілігі мол, мәдениетті, отансүйгіш тұлға тәрбиелу.


3 «Б»-сыныбында 21 оқушы болды. Оның 11-і қыз, 10-ы ұл. Оку жылдың қорытындысы бойынша сынның 2 оку озаты және 11 оку екпіндесі Оку озаттары: Садулла Айша, Теміртас Ақылбек. Оку екпінділері: Бактыбай Дана, Бекжанова Асылай, Қарасай Қайсар, Мамутов Азамат, Мукашова Алса, Мұқан Ислам, Орынбасар Олжас, Сагидолла Қызығалдақ, Сәрсенғалиева Арайым, Тұрсынова Айдана, Пулаев Сержан. Сыныптың білім сапасы 62%. Оқушылардың жалпы білімі жақсы, сынның ұйымшыл, тұрмыс -жағдайлары жақсы отбасында тәрбиеленіп отыр.

2023-2024 оку жылдың тәрбие жұмысының жоспары 8 бағыт бойынша жасалып, жоспарға сай барлық іс-шаралар өткізілді. Сынып белсенділері өздеріне тапсырылған қызметтерін тиянақты орындағы. Оқушылар мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Аудандық және мектепшілік байқауларға қатысып, жеңімпаз атанған оқушылар да болды.

Сынып оқушылары «Дарын» Республикалық Ғылыми практикалық орталығы үйімдастыруымен «Кенгуру» ойын конкурсының II дәрежелі дипломдарымен марарапатталды, сертифиатталған оқушылар да болды. Сонымен бірге мектебімізде өткен Тілдер апталығында ағылшын пәні бойынша топаралық сайыста жүлделі 2-орынмен марарапатталды. Мектебімізде өткен «Күз кереметі» көрмесіне де, күз жәрменкесіне де сыннып оқушылары белсенді түрде қатысты. Мектебімізде «Ашық есік» күні үйімдастырылып, сабактарға сыннып ата-аналары қатысты.

Сонымен бірге «Бастауышым – бастамам, білім жолын бастаған» атты бастауыш сынныптар әдістемелік онкундігі болып, жоспардағы жұмыстар бойынша да сыннып оқушылары қатынасып, белсенділік танытты. «Санның квадраты» тақырыбында ашық сабак жоғары деңгейдегі сабактар қатарынан көрінді. Осы апталықта әртүрлі тақырыпта шаралардың бәрінен сыннып оқушылары алдыңғы орындар қатарынан көрінді «Бастауыш сыннып үздігі-2023» атты интеллектуалды сайысқа сынныбымыздан Садулла Айша қатысып жүлделі 1-орынды иеленсе, «Мағжан оқулары» көркем сез оку сайысынан және «Шебер қолдар байқауы» сайысынан Бахтыбай Даның бас жүлдені жеңіп алды. «Әнші балапан» конкурсынан Бекжанова Асылай 2-орын алса, Теміртас Ақылбек «Ең үздік оқырман» 1-орынмен марарапатталды.





Аудандық «Математика –ғылымдар патшасы» атты 3-4 сыныптар аралығында топаралық математикалық сайысқа Садулла Айша катысып, Алғыс хатпен марапатталды. «Тәуелсіздік мерекесіне, Жаңа жылдық «Жаңа жыл жарылқа!» атты мерекелік іс-шараларға сынның оқушылары белсенді түрде қатынасты.

Ақпан айында өткен «Дарын» Республикалық Фылыми практикалық орталығының үйымдастырумен «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына сынныбымыздан 2 окушы катысып, жүлдөлі 2-орынды және 3-орынды иеленді.

8-наурыз Халықаралық Әйелдер мерекесіне және 22-наурыз Ұлыстың ұлы күніне байланысты сынныбымызда мерекелік тәрбиелік шаралар да



ұйымдастырылды

I Республикалық «KidsСтарт» 1-4 сынып окушыларына арналған пәндік олимпиадасына сыныптан 6 окушы қатынасып, жүлделі I орынмен марапатталса,

«Логика» пәні бойынша 1-4 сынып окушылары арасында өткізілген «ULAR-2024» республикалық олимпиадасында да 6 окушы қатынасып, жүлделі 1-орынмен марапатталды. Республикалық Абай оқулары конкурсына да қатынасқан екі окушы да жүлделі орынмен марапатталды. Қазақстандағы көп ұлттар достығын нығайтуды насихаттау мақсатында «Ақпаз, қара, сарымыз!», 9-мамыр Ұлы Жеңіс мерекесіне орай ұйымдастырылған «Жаса, Ұлы Жеңіс!» атты сыныптан тыс ұйымдастырылған тәрбиелік шараларда окушы белсенділігі жоғары болды. Барлық мектептерде оку жылының аяқталаудына арналған «Білімім – Отаным» атты бірынғай сынып сағаты өткізуіне байланысты біздің сыныпта да сынып сағаты ұйымдастырылып, оку жылын окушылармен бірге қорытындылады.

Сонымен қатар, жыл бойына ата-аналармен де жұмыстар жүргізілді. Ата-аналар жиналысы өткізіліп, әр түрлі тақырыптар ортаға салынды.

Сөзімді аяқтай келе окушыларым келесі оку жылында будан да көп жетістіктерге жетеді деген сенім білдіремін.



Сынып жетекшісі : Ж.С. Айсина